

# «Көміртек ізін өлшеңіз!» экологиялық білім беру жобасының аясында «Жер - біздің ортақ үйіміз!» республикалық байқауын қашықтан өткізу ережелері

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта және қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Көміртек ізін өлшеңіз!» экологиялық білім беру жобасының аясында «Жер - біздің ортақ үйіміз!» республикалық байқауын қашықтан (бұдан әрі - Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін және табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.

3. Байқау міндеттері:

1) жалпы адамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарға, бейбітшілікке, табиғатқа, экологияға және қоршаған ортаны сақтауға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

2) балалардың назарын туған өлкенің экологиялық мәселелерін шешуге, туған өлкені, қоршаған табиғатты практикалық тануға көңіл аудару;

3) балалардың белсенді іс-әрекетін табиғатты саналы түсінуге және балалардың табиғат әлеміне танымдық қызығушылығын дамытуға бағыттау;

4) балалардың шығармашылық және көркем қиялын дамыту, дарынды балаларды анықтау және қолдау;

5) экологиялық мәдениетті дамыту және дені сау, мәдени, еркін және жауапты тұлғаны дамыту мәселелеріне халықтың назарын аудару болып табылады.

4. Байқау ұйымдастырушылары қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын құрайды.

## 2 - тарау. Байқауды өткізу мерзімі мен орны

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **kzecology@mail.ru** электронды поштасына 2022 жылғы 1 шілдеден 15 қыркүйекке дейін қабылданады.

2022 жылғы 15 қыркүйектен кейін түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін Байқау жұмыстары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, олардың жетекшілеріне алғыс хаттар, қатысушылардың сертификаттары 2022 жылғы 30 қыркүйекте [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

6. Ұйымдастырушылар Байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқылы. Ұйымдастырушылар міндетті түрде әлеуетті қатысушыларды Байқауды өткізу мерзімі мен қорытындысын орналастыру мерзімі туралы [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) хабардар етеді.

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды

ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін **kzecology@mail.ru** электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) қосымшаға сәйкес үлгі бойынша өтінім;
- 2) электронды түрде байқау жұмысы;
- 3) <https://www.youtube.com> каналында бейнематериалға сілтеме немесе байқау жұмысы.

### **3-тарау. Байқауға қойылатын талаптар**

9. Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 7-18 жастағы жас санаттары бойынша білім алушылары қатысады:

кіші жас санаты: 7-10 жас;

орта жас санаты: 11-14 жас;

жоғары жас санаты: 15-18 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1) Таңдау бойынша зерттеу жобаларының бейне презентациялар байқауы:**

«Туған өлкені зерттейміз» табиғатты қорғау және қорық аумақтары, табиғат ескерткіштері туралы зерттеу жобаларының байқауы, табиғат нысандары мен аумақтарына зерттеулер және экспедициялар туралы қорытынды есептері;

«Жасыл экономика» қалдықтарды қолдану жүйесін басқару және жетілдіру; су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру; «таза» көлік құралын дамыту; табиғат ресурстарын саналы қолдануға бағытталған жобалар. (таңдау бойынша)

«Денсаулық және қоршаған орта» денсаулық сақтау саласында тәжірибелік қызметті, адам денсаулығын сақтауға бағытталған экологиялық акциялар мен табиғатты қорғау іс-шараларын, адам денсаулығына қоршаған ортаның әсерін қамтитын жобалар.

Бейне презентацияның ұзақтығы: демонстрациялық материалды (макеттер, үлгілер, бейне және т.б.) қолдануымен - 7 минут.

Байқауға қатысушы бейне презентациясын YouTube арнасына орналастырады және сілтемені ұйымдастырушыны электрондық поштасына жібереді.

Бағалау өлшемдері: зерттелетін мәселелердің өзектілігі мен жаңашылдығы, жүргізілген зерттеулердің деңгейі мен көлемі, қойылған міндеттердің орындалу нәтижесі, жұмыстың практикалық маңызы, автордың қосар жеке үлесі, сөйлеу шеберлігі.

**2) «Экоәлем»** – көркейту, көгалдандыру бойынша жүргізілген экологиялық жұмыстар, өткізілген экологиялық акциялар, жылыжай, мектеп жанындағы оқу-

тәжірибелік телімдер, мектеп орман шаруашылығы, экологиялық күзеттер жұмысы (патруль) бойынша бейнероликтер презентациясы.

Бейнеролик ұзақтығы: **5 минут.**

Бейнероликте білім алушылардың, педагогтердің, ата-аналардың қатысуына, сонымен қатар аталған сұраққа стандартты емес тәсілмен қарауға, түсірілім, анимация және компьютерлік графика тәрізді визуалды ұсыну тәсілдерін, музыкалық және дыбыстық сүйемелдеуді қолдануға болады.

Бағалау өлшемдері: стилистикалық шешім, практикалық қолданылымы, жасампаздығы, әлеуметтік маңыздылығы, видеоматериалдар сапасы.

**3) «Жануарларды қорғау – менің міндетім»** – әңгіме байқауы. Адам өмірін өзгерткен жануарлар туралы немесе көшеден алынған үй жануары туралы, жануарды тәрбиелеудің өзіндік тәжірибесі туралы әңгімелер қабылданады, питомниктің пайда болу тарихымен, оның мінез-құлқы мен мінез-құлқының ерекшеліктерімен байланысты қызықты фактілерді көрсету. Жануарларды қорғаудың, балаларды экологиялық тәрбиелеуде табиғатты қорғаудың маңыздылығы туралы өз ойларын айтуға болады.

Ресімдеу талаптары: мәтін MS Word мәтіндік редакторында терілген болу қажет. Қаріп: Times New Roman; қаріптің өлшемі – 14; аралық – 1; жиектері: сол жағы – 2,5 см, жоғары және төменгі жағы – 2 см, оң жағы – 1,5 см. тегістеу - ені бойынша, азат жол – 1,25 см; эссе көлемі А4 форматында, 1 беттен аспауы тиіс.

Бағалау өлшемдері: байқау тақырыбына сәйкестігі; тақырыптың толық ашылуы; шығармашылықпен ойлай білу; дәлдік, айқындық, мазмұндау логикасы; ақпарат берудің қызықтылығы; сөйлеу мәдениеті, әңгімешінің шешендік шеберлігі.

**4) «Біз құстармен біргеміз!»** – қолдан жасалған бұйымдар байқауы. Қатысушы ағаштан, ағаш қабығынан жасалған, сондай-ақ кез келген сәндік-қолданбалы өнер техникасында жасалған өз жұмысын жібереді. Байқауға ұсынылған жұмыстар кезең-кезеңмен суретке түсірілуі (кемінде 4 фото) және JPEG форматтарында электронды түрде жіберілуі тиіс.

Байқау жұмысының бағалау өлшемдері: байқаудың тақырыбы мен номинациясына сәйкестігі; орындалған жұмыстың күрделілігі және техниканы меңгеру; материалдардың көркемдік сапасы; жұмыстың шығармашылық деңгейінің автордың жасына сәйкестігі.

**5) «Менің жерім қандай керемет!»** – сурет байқауы. Байқауға кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) сурет салудың кез келген техникасы (бояу, акварель, тушь, түрлі-түсті қарындаш, бор және т.б.) арқылы орындалған суреттердің фотосуреттері ұсынылады.

Байқау материалдарын бағалау өлшемдері: байқаудың тақырыбы мен номинациясына сәйкестігі; жұмысты орындау сапасы мен шеберлігі; түпкі ойдың және орындауының ерекшелігі; орындауының көркемдік деңгейі (безендіру элементтерінің дизайны, түстік үйлесімі, композициялық шешімінің сапасы); жұмыстың эмоциялық әсері.

11. Байқау жұмысының титул парағында келесі көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;  
білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;  
автордың аты-жөні;  
қатысушының жасы;  
e-mail, байланыс құралдары;  
жетекшісінің лауазымы және жұмыс орны.

12. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

Байқауға бұрын өткізілген байқауларға қатыспаған жаңа туындылар қабылданады.

#### 4-тарау. Байқауды қорытындылау

13. Байқаудың қорытындысы бойынша әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

14. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар беріледі. Байқау жұмыстары жас санаттары бойынша бағаланады.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

Анықтама телефоны: +7 (7172) 64-27-24.

Ережеге қосымша

#### Қатысушының өтінімі

Қатысушының тегі, аты, жасы	Облыс, аудан, қала (ауыл), үй мекен-жайы, ұялы телефоны, электронды поштасы	Білім беру ұйымы (атауы) немесе үйде оқуы	Байқаудың, номинацияның, жұмыстың атауы	Педагогтің немесе ата-ананың Т.А.Ж. (толық), лауызымы және жұмыс орны	Педагогтің немесе ата-ананың байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)
1	2	3	4	5	6